



АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

Фараби университетінің құрылғанына 90 жыл толуы аясындағы іс-шаралардың кеңістігінде Абай ғылыми зерттеу институтының құрылғанына 15 жыл толуына байланысты «Абай ілімі және ХХІ ғасыр» деп аталатын тақырыпта республикалық ғылыми-тәжірибелік мәжіліс өтті. Мәжілісті Фараби университетінің Басқарма мүшесі-ғылыми инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Жәмила Нұрматқызы Айтжанова кіріспе сөз сөйлеп ашты.



Мінберде университеттің Басқарма мүшесі-проректор Ж.Н. Айтжанова

Ж.Н. Айтжанова Абай ғылыми-зерттеу институтының 15 жылда жеткен жетістіктерінің әлеуметтік маңызының жоғары екенін атап өтті. «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының 50 томы, «Абайтану антологиясы» сериялық басылымының 10 томы және осы басылымдар негізінде «Абайтану антологиясы» атты электрондық ресурстар базасының ашылып, университет кітапханасының порталында орналастырылуы, олардың дүниежүзі оқырмандарына қолжетімді болуы Фараби университетінің интеллектуалдық құндылығына айналғанын, мұның өзі университеттің 90 жылдығындағы елеулі жетістік болғанын атап өтті. Институттың гранттық ғылыми жобалар бойынша жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде «Абай ілімі» атты жаңа оқу пәнін дайындап, оны 2021/2022 оқу жылынан бастап университеттің оқу процесіне енгізгенін

университет қызметіндегі ғылым мен білім интеграциясының жарқын көрсеткіші ретінде бағалады.



Проректор институт басшысына алғыс хат тапсырды

Университет проректоры сөзінің соңында Абай ғылыми-зерттеу институтының ұжымына өнімді ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін алғыс айтып, жаңа шығармашылық табыстар тіледі.



Мәжіліс барысының жалпы көрінісі

ҚазҰУ-дың филология факультетінің деканы, ҰҒА академигі, профессор Баян Өмірбекқызы Жолдасбекова Абай ғылыми-зерттеу институтының филология факультетінен өніп-өскенін айтып, институт жетістіктері үшін өзінің қуанатынын, институт ұжымына табыстар тілейтінін, институтты қолдауға әрқашан даярлығын білдірді.



Б.Ө. Жолдасбекова институт ұжымына «Абай ілімі» пәнін филология факультетінің студенттеріне сапалы мазмұнда оқытып келе жатқаны үшін Алғыс хат тапсырды.



@Marabeey

Баян Өмірбекқызы Абай ғылыми-зерттеу институтының «Абай ілімі» оқу пәнін факультеттің студенттері түгел оқитынына, өйткені бұл пәннің мазмұнындағы рухани құндылықтар негізінің басқа оқу пәндерінде болмайтынына назар аударды.

Университеттің журналистика факультетінің деканы, профессор Қанат Әуесбайұлы Абай ғылыми-зерттеу институтының құрылғанына 15 жыл толуына байланысты ұйымдастырылған республикалық ғылыми-тәжірибелік мәжіліс университеттің 90 жылдығы аясында өтіп жатқан мерекелік іс-шаралардың кеңістігінде жарасымды, көрнекі екенін айтып өтті.



Мінберде Қанат Әуесбайұлы

Институттың бүгінде 50 томы жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымы мен «Абайтану антологиясы» 10 томдық басылымының қатарында тұрған «Абай институтының еңбектері» деп аталатын келесі сериялық басылымына, оның құрамындағы 23 кітаптың мазмұн байлығына, полиграфиялық сапасына тоқталды. Бұл еңбектердің қоғамның ақыл-ой қазынасын байытуға қызмет ететініне зор мән берді. Институттың «Абай ілімі» оқу пәнін жоғары оқу орындары үшін барлық білім беру бағдарламалары бойынша міндетті пән ретінде оқытудың өзектілігіне, оның әлеуметтік маңызының жоғарылығына көңіл бөлді.

Қанат Әуесбайұлы Абай ғылыми-зерттеу институтының ұжымына ғылым мен білім саласында жаңа табыстар тіледі.

Философия факультетінің профессорлары Жақыпбек Алтайұлы, Тұрсын Хафизұлы Ғабитов, Ақмарал Сәлімжанқызы Сырғақбаева, университет жанындағы Қазақ философиясы ғылым және білім орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор Гүлжиһан Жұмабайқызы Нұрышева Абай ілімінің мазмұны

мен мәнін жас ұрпақтың санасына сіңіру ХХІ ғасырда аса өзекті, әлеуметтік маңызы үлкен мәселе екеніне назар аударды.

Тарих факультетінің деканы профессор Досбол Сүлейменұлы Байқонақов тарих пен әдебиеттің мазмұны мен мәні тығыз бірлікте екеніне, Абай институтының ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері тарихшылар үшін де пайдалы болатынына, «Абай ілімі» оқу



Мінберде Досбол Сүлейменұлы

пәнін жоғары білім беру бағдарламаларына міндетті пән қатарында енгізу қажеттігіне ерекше көңіл бөлді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі Элеонора Дүйсенқызы Сүлейменова, университет жанындағы Түркітану және алтайтану институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұрсұлу Жамалбекқызы Шәймерденова Абай ғылыми-зерттеу институтының 15 жыл ішінде жеткен жетістіктерін жоғары бағалап, институт ұжымына жаңа табыстар тілеп, құттықтады. Байырғы ғұламалардың көзін көрген, олардан білім алған, олармен бірге қызмет еткен, қазіргі филолог ғылым-ұстаздардың алдында келе жатқан үш профессор есте қалған жақсы сәттерін еске алып, көңілдері шат болды. Профессор Э.Д. Сүлейменова профессор Ж. Дәдебаевты өзінің шәкірттерінің ең озығы және ең жақсысы болғанын айтып, оның бүгінгі жұмыстарының нәтижесіне разы екенін аса зор ілтифатпен атап өтті. Сөзінің соңында Э.Д. Сүлейменова Абай институтының директорына Алматы қаласындағы № 12 қазақ мектебінің құрылғанына 100 жыл толуына байланысты жарық көрген үлкен форматтағы естеліктер мен эсселер кітабын сыйлады.

Профессорлар бір-біріне деген ыстық ықыластары мен ізеттерінің осы бір әсерлі сәтін есте қалдыру үшін естелік суретке түсті.



@Marabeey

Филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Қанипаш Қайсақызы Мәдібай, Анар Бекмырзақыз Салқынбай сөз сөйлеп, Абай институтының қызметі туралы ыстық лебіздерін білдірді. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абай институтына Ахмет Байтұрсынұлының бес томдық шығармалар жинағын сыйға тартты. Баку славян университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Низами Мамедов Тагисой (Әзірбайжан), Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Рақымжан Сағымбекұлы Тұрысбек, осы университеттің «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры Жандос Мағазбекұлы Әубікір, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Сәмен Оразғалиұлы Құлбарақ онлайн жүйеде баяндама жасап, маңызды ойлары мен ұсыныстарын айтты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Фараби кітапханасының директоры Жадыра Айдынғалиқызы Әрекенова



Фараби кітапханасы ұжымының Абай институтына сыйлаған картинасы кітапхана ұжымын бастап келіп, Абай институтының кітаптарына жоғары баға берді, Абай институтына кітапхана ұжымының атынан мәні бай ұлттық ою-өрнектермен салынған картинаны сыйға тартты.

Мәжіліс соңында Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры Ж. Дәдебаев, жетекші ғылыми қызметкерлері Д. Ысқақұлы, Қ. Әбдезұлы, Т. Тұяқбай, Л. Мұсалы сөз сөйлеп, Абай институтының алдағы міндеттері туралы ойларымен бөлісті, Абай институтының еңбегін жоғары бағалаған зиялы қауымға рақымет айтты, зор ризашылықтарын білдірді.

Мәжіліс Абай ғылыми-зерттеу институтының 15 жылда Қазақстандағы ғылыми-ақпараттық ресурстар базасы қуатты, ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандары қалыптасқан, ғылыми-

интеллектуалдық әлеуеті зор және ұлттық зерттеу университеті құрамындағы білім мен ғылым интеграциясы саласында үлкен жетістіктерге жеткен бірден-бір заманауи ғылыми-зерттеу орталығына айналғанын атап өтті.



**Философия ғылымдарының докторы,
профессор Жақып Алтаев**

**«Абай ілімі» оқу пәнін
міндетті пән ретінде
оқытудың маңызы
жоғары.**



**Филология ғылымдарының докторы,
профессор Дандай Ысқақұлы**

**«Абай ілімі» оқу пәнін барлық
жоғары білім беру бағдарла-
малары бойынша оқыту туралы
қоғамның рухани сұранысы
пісіп-жетілді.**



**Филология ғылымдарының докторы,
профессор Нұрсұлу Жамалбекқызы Шаймерденова**

**Абай ғылыми-зерттеу институты
алға қойған мақсаттарына жететі-
ніне сенемін. Институттың жетіс-
тіктеріне қуанамын.**



Мәжіліске қатысушы зиялы қауымның бір тобы



Фараби университетінің Басқарма мүшесі-ғылыми инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Жәмила Нұрматқызы Айтжанова Абай ғылыми-зерттеу институтының ұжымына ризалығын білдіріп, жаңа табыстар тіледі.

Абай ғылыми зерттеу институтының құрылғанына 15 жыл толуына байланысты «Абай ілімі және ХХІ ғасыр» деп аталатын тақырыпта өткен республикалық ғылыми-тәжірибелік мәжіліс Фараби университетінің құрылғанына 90 жыл толуы аясындағы елеулі, тағылымды іс-шара болды.

5.12.2024

**Абай институтының ақпараттық
қамтамасыз ету тобы.**